

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ



ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор
АСАНОВА Ұлмекен Отарқызының
60 жасқа толған мерейтойына арналған

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ

АСТАНА, 2022

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ПРАКТИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

*РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАР
МАТЕРИАЛДАРЫ*

АСТАНА
2022

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

Жалпы редакциясын басқарған:
Құлманов Қуандық Сәндібекұлы
Филология ғылымының кандидаты, профессор

Жауапты шығарушылар:
Абдуова Б.С., Әділбек А.М., Мағзұмбекова Ә.Қ.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының 60 жасқа толған мерейтойына арналған «Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары. 25 қараша 2022 ж., Астана, ЕҰУ. – 356 б.

ISBN 978-601-337-778-0

«Қазақ тілін оқыту мәселелері және заманауи педагогикалық технологиялар» атты Республикалық ғылыми-практикалық семинар материалдары жинағына қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері, тілдерді заманауи оқыту және инновациялық технологиялар, мәдениетаралық коммуникациядағы түркі тілдері секілді қазіргі көкейкесті зерттеулер, ғылыми материалдар енгізілген. Педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының еңбектері, ұстаздық болмысы, ғалымдығы жайлы мақалалар қамтылған.

ӘОЖ 37:80/81
ББК (КБЖ) 74:81.2
Қ 16

ISBN 978-601-337-778-0

ПРОФЕССОР Ұ.О. АСАНОВА ЖӘНЕ XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Меңлібекова Г.Ж.

*педагогика ғылымдарының докторы,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
психология кафедрасының профессоры
gmen64@mail.ru*

Аннотация. Мақала педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызының отандық ғылымның дамуына қосқан үлесін айқындау мен ғылымтану саласындағы еңбектеріне талдау жасау мақсатын көздейді.

Кілт сөздер: ғылым, ғалым, ғылымтану, ғылыми нәтиже, когнитивті жауапкершілік, ғылыми үлес

Аннотация. Целью статья является анализ научных трудов в области науковедения кандидата педагогических наук, профессора Асановой Улмекен Отаровны и определение ее научного вклада в развитие отечественной науки

Ключевые слова: наука, ученый, науковедение, научный результат, когнитивная ответственность, научный вклад

XXI ғасырдың бірінші ширегінде заманауи қоғамның дамуындағы түбегейлі өзгерулердің қарқындылығы ғылым мен жоғары білімнің әлеуметтік институт ретіндегі ролін және оларды дамытудың стратегиясын, сондай-ақ ғалымдардың ғылыми-когнитивті әлеуетін және тұлғалық-кәсіби ресурстарын тиімді қолдануды зерттеудің көкейтестілігін бекіте түседі. ЮНЕСКО баяндамасына сәйкес білімге XXI ғасырдың шақыруларына бейімделуге және тұрақты әрі инклюзивті өсуге, бірлесе отырып, бейбіт қатар өмір сүруге қол жеткізуге мүмкіндік беретін құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруға жоғары жауапкершілік жүктеліп отыр. Олай болса, білім тұрақты ғаламдық дамудың жаңа көрінісіне ықпал етуі керек» [1] деп көрсетілгені ақиқат.

ЮНЕСКО тарапынан ғылыми іс-әрекет пен ғылыми қызметкерлерге қатысты ұсыныстарында «ғылым» адамзаттың жеке, шағын топтарда немесе үлкен ұжымдарда әрекет ете отырып, ұйымдасқан түрде, ынтымақтастық пен бәсекелестік негізінде себеп-салдарлық байланыстардың, қатынастардың тізбектерін анықтауға және түсінуге тырысатын әрекетті білдіреді, қорытындылар мен деректермен алмасу және олардың өзара талдауы арқылы бақыланатын құбылыстарды объективті зерттеуге және оның нәтижелерін тексеруге негізделген өзара әрекеттесулер, жүйелі рефлексия мен концептуализация арқылы бір-бірімен байланыстырады және білімнің ішкі жүйелерін біріктіреді, осылайша табиғат пен қоғамда болып жатқан процестер мен құбылыстарды түсінудің артықшылығын қабылдау мүмкіндігіне ие болады», - деп көрсетілген [2].

Ғылыми біліммен қатар келетін сыни ойлау әлемді тану үшін, таңдау жасау үшін, мәселелерді шешу үшін өмірлік маңызға ие болуда. Тұрақты Дамудың төртінші мақсатын жүзеге асыруда ғылымның атқаратын қызметі ерекше. Сауаттылық түсінбеушіліктің ықтималдылығын төмендете отырып, ортақ түсіністікке жеткізеді. Ғылым қоғамдық игілік ретінде тұрақты даму жолына конструктивті өзгерулер енгізіп қана қоймайды, сонымен қатар тұрақты әлемді құруға ықпал етеді, саяси, мәдени және психологиялық тосқауылдарды жеңудің тиімді жолдарын белгілейді, демократиялық тәжірибелерді таратуға ықпал етеді. Демек, жаңа дәуір ғылымның, технологиялар мен инновациялардың ғасыры болып отыр, өйткені ғылым, технология және инновациялар өзгермелі әлемде жасампаздық және өзгертушілік рөл атқарады.

Ғылым мәдени және әлеуметтік дамудағы шешуші факторлардың бірі және қоғамдық прогрестің қуатты қозғаушы күші ретінде түсіндіріледі, яғни «ғылым – функциясы табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы» [3] және мәдениет феномені ретінде көпқырлы қызметті (әлеуметтік, танымдық, болжамдық, инновациялық, әдіснамалық т.с.с.) жүзеге асырады.

Академиялық қауымдастықтың құндылықтары мен идеалдарының өзгеруі, университет идеясының трансформациялану соңғы жылдары жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу топтарында этикалық реттеудің жүзеге асырылуы ғылымның, жоғары білім мен өндірістің кірігуінің белгісі іспеттес.

Профессор Асанова Ұлмекен Отарқызы – өнертану, мәдениеттану, әдебиеттану, түркітану, білім, философия, тіл білімі, лингводидактика, лингвомәдениеттаным саласында іргелі ғылыми зерттеулер жүргізген бірегей ғалым. Өздеріңізге белгілі, қазіргі халықтардың рухани мәдениетін жаңғырту процесі педагогика теориясы мен тарихына, дәлірек айтқанда түркілік педагогикалық бағыттағы ойларға жаңа көзқарас тұрғысында қараумен тығыз байланысты.

Ұ.О.Асанова ұлттық құндылықтар жүйесіндегі рухани болмыстың табиғатын айшықтайтын және дүниетанымды, мәдениет пен ойлауды зерделейтін тілдің әлеуеті негізінде бостандық бейнесін мәдени сабақтастықта ашып көрсетті, сондай-ақ түркілік рухты ұрпақ санасында сіңіру қағидаларының өміршендігін қарастыра келе, түрік ойшылдарының мұраларындағы адамгершілік ұстанымдардың аксиологиялық негіздеріне талдау жасады. «Түркілік әлемнің рухани мұрасы келер ұрпақты әдепке, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеудің және олардың дамуына ықпал етудің тиімді басты құралы болып табылады», - деп тұжырым жасайды [4,5,6].

Адамның ішкі әлемін жан-жақты сипаттау оның концептуалды жүйесінің дамуымен ұлттық менталитеттің ерекшеліктерімен байланысты қарастырылады. Тілде жасалған ұлттық бейне, символ мен идея концепт ретінде түсіндіріледі. Бұл – тілдің әртүрлі құралдарымен берілетін өте күрделі

құрылым. Таным объектісі (әлем фрагменті/әлем көрінісі) жалпы алғанда алуан түрлермен (көру, есту, иісті сезіну т.б.) қабылдануы әбден мүмкін. Өз кезегінде бұл ақпараттар концептуалды белгілердің парадигмасын (жүйесін) құрайды.

Ғалымның ізденістік туындысында сипатталған «Үміт» концепт ретінде белгіленген мақсаттарға жетуге деген сенімділіктің позитивті күтілімі», - деген тұжырымды негіздеуі оның қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетіндегі «өмірге деген қатынас», «мінез-құлық» (шешімділік, табандылық), бірлескен әрекет» (қолдау), «сезім» (жанашырлық, тілек, сағыныш, ұмтылыс), «мәңгілік» категорияларының шоғырымен айқындау арқылы тұлғаның әлеуетін аша түседі [7].

Ғалымның пайымы бойынша, «тіл мен мәдениет тек бірге қарастыралатын ажырамас ұғымдар, сондықтан да тіл – ұлттық мәдениеттің айнасы. Тіл мен мәдениетті бірге оқыту, оқытылатын тілдің мәдениетін зерделеу, ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру, екі мәдениеттің ұқсас жақтарын салыстыру оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруға мүмкіндіктер туғызады» [8]. Профессор Асанова Ұ.О бір негізді сөйлемдерге салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеуді жүзеге асырды. Тілдегі жақты және жақсыз конструкциялардың құрылымдық-семантикалық жасалу жолдары, жақ категориясымен грамматикалық байланысы, негізгі айырым белгілері, жақты сөйлемді жақсыз сөйлемге ауыстыру құбылыстары ғылыми мәселе қарастырылды.

Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқытудың ғылыми дипломатияда (дипломатиялық мақсаттарға қол жеткізу үшін ғылымды пайдалану) маңызы бар. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесінің өзіндік ғылыми тетігінің негізі оқу процесінің мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, принциптерін, әдістерін, ұйымдастырылуын анықтау деп атап көрсетеді [9].

Ғалымның «Түркі тілдерінде сөйлейтіндерге қазақ тілінің грамматикасын салыстырмалы әдіс арқылы оқыту», «Өзге тілді дәрісханада қазақ тілін тыңдалым әрекеті арқылы үйретудің тиімді жолдары», «Елтанымдық мәтіндер арқылы түркітілді тіл үйренушілердің сөйлеу тілін дамыту», «Туыс тілдерде сөйлейтіндерге арналған оқу сөздіктері», «Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үрдісіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологияның (БАҚ материалдары) тиімділігі» атты тақырыптағы ғылыми жарияланымдары мәдениетаралық және мемлекетаралық өзара әрекеттестік жүйесінде зияткерлік мәдениеттілікті және тілдік, қатысымдық, метакогнитивтік құзыреттілікті қалыптастыру қажеттілігін негіздей түседі.

Мәселелерді шешуге қабілетті ұжымдық интеллектіні құруға ұмтылу, зерттеудің пәнаралық әдістерін қолдану ғалымдар арасында диалогты кеңейтуге бағытталған мақсат білімдерді жасау процесінде жеке азаматтар мен ұжымдардың қатысуына ашық кеңістікті ұсынатын ашық ғылымның дамуына негіз болады.

«Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасында» (2022 ж) «Ғалым еңбегі нәтижелілігінің маңызды көрсеткіштерінің бірі ғылыми жарияланымдар болып табылады,

түрлі елдердің ғалымдары олар арқылы әлемдік білім базасына үлес қосады. Тиісінше ғылыми жарияланымдардың халықаралық дерекқорлары ғылыми-метрикалық көрсеткіштердің негізгі көзі болып табылады», - деп атап көрсетілген [10].

Осы орайда, профессор Ұ.О.Асанованың «Импакт факторлы басылымдарға мақала жариялаудың негізгі талаптары мен өлшемдері» [11] атты еңбегінің қолданбалы маңызы бар, атап айтқанда ғалым импакт факторлы басылымдардың ерекшеліктері, жарияланымдарға қойылатын талаптар, әлемдік ғылыми кеңістіктегі өзекті мәселелерді қарастырып, «импакт-фактор» ұғымының онтологиялық табиғатын ашып көрсеткен. Терминнің ғылыми қолданыс шеңберіне ену факторларын айқындап, оның термин ретінде дамуына тарихи сипаттама берді.

XXI ғасырдағы цифрлық дәуірдің өзгерулеріне, мәселелеріне, мүмкіндіктері мен тәуекелдеріне бейімделу мақсатында ғылыми тәжірибенің трансформациялануы мақсаттық зерттеулер мен білім бағдарламаларын, жаңа технологиялармен жұмыс жасау дағдыларын дамытуға бағытталған маман даярлау бағдарламаларын әзірлеуде талап етеді. Ғалымның миссиясы – күрделі әлемді «құрылымдаудың» жаңа кеңістігін қалыптастыру.

Профессор Ұ.О. Асанова ғылымның түрлі салаларындағы кіріктіру ұстанымдарын жүзеге асыру негізінде қазақ тілін оқыту мәселелері мен жаңа педагогикалық технологияларды тәжірибеге енгізудің тиімді жолдарын айқындауға ерекше үлес қосты.

Бүгінгі мерейтой қарсаңында педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Асанова Ұлмекен Отарқызына шығармашылық идеялар, игілікті бастамалар мен тың ізденістер тілеймін.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives. _First Century, UNESCO, 2017. P. 7. URL: <http://unesdoc.unesco.org/images/0024/002474/247444e.pdf>
2. Проект рекомендации по открытой науке https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000378841_rus.
3. Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>
4. Абдуова Б. С., Асанова Ұ. О. Ұлттық дүниетанымдағы өршіл бостандық бейнесі //Культурология, филология, искусствоведение: актуальные проблемы современной науки. – 2021. – С. 46-53.
5. Абдуова Б. С., Асанова У. О. Нравственные ценности в произведениях тюркских мыслителей //Евразийское Научное Объединение. – 2019. – №. 6-5. – С. 306-310.
6. Асанова Ұ. О. Рухани мұра – тәрбие негізі //Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2018 №2 (56). -119-122 б.

7. Абдуова Б. С., Асанова У. О. Концепт "Надежда" в национальном представлении казахского народа //Евразийское Научное Объединение. – 2017. – Т. 2. – №. 10. – С. 124-128.

8. Омарова С.К., Асанова Ұ.О. Бір негізді сөйлемдердің семантикалық және логика-прагматикалық ерекшеліктері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. - 2018. -№2 (57). -151-155 б.

9. Қадашева Қ., Асанова Ұ.О., Омарова С.Қ. Туыс тілдерді оқыту әдістемесі// Қазақстанның ғылымы мен өмірі. -2016. -№3 (38). -41-55 б.

10. Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы үкіметінің 2022 жылғы 25 мамырдағы №336 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000336>

11. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Импакт факторлы басылымдарға мақала жариялаудың негізгі талаптары мен өлшемдері//Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2018. -№3/1 (59). 177-183

АСАНОВА ҰЛМЕКЕН ОТАРҚЫЗЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Құлманов Қ.С.,
Құрмашқызы Ә.**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
kuandik_1971@mail.ru*

Аннотация. Мақалада белгілі ғалым-әдіскер Асанова Ұлмекен Отарқызының оқу құралдары мен ғылыми, ғылыми-әдістемелік мақалаларына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан шолу жасалады. Және де әдіскер-ұстаздың бірнеше жылдан бері жинақтаған тәжірибесін оқу үдерісінде қолдану барысы сөз етіледі.

Кілт сөздер: қазақ тілін оқыту әдістемесі, оқытудың жаңаша технологиясы, тіл дамыту, грамматикалық-коммуникативтік жаттығулар, еркін тілдік қарым-қатынас жасау, заманауи технологияларды қолдану.

Аннотация: В статье рассматриваются учебные пособия и статьи известного ученого-методиста Асановой Улмекен Отаровны с научно-методической точки зрения. Изучен процесс применения накопленного за несколько лет опыта педагога-методиста в образовательном процессе.

Ключевые слова: методика обучения казахскому языку, новая технология обучения, развитие речи, грамматико-коммуникативные упражнения, свободное языковое общение, использование современных технологий.